



Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының жыл сайынғы сыртқы аудитін жүргізу үшін тәуелсіз аудиторды таңдау ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 26 шілдедегі N 1011 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 8 мамырдағы № 474 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 08.05.2013 № 474 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының кейбір мәселелері туралы" 2001 жылғы 29 қаңтардағы N 543 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының жыл сайынғы сыртқы аудитін жүргізу үшін тәуелсіз аудиторды таңдау ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2001 жылғы 26 шілдедегі
N 1011 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының жыл сайынғы сыртқы аудитін жүргізу үшін тәуелсіз аудиторды таңдау ережесі

Ескерту. Мәтіндегі "конкурстың жұмыс органының", "конкурстың жұмыс органы" және "конкурстың жұмыс органын" деген сөздер "жұмыс органының", "жұмыс органы" және "жұмыс органын" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Үкіметінің 2004.09.13. N 953 қаулысымен .

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының жыл сайынғы сыртқы аудитін жүргізу үшін тәуелсіз аудиторды таңдау тәртібін анықтайды.

2. Конкурстық комиссияның қызметін ұйымдастыру тәртібі

2. Тәуелсіз аудиторды таңдау Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының сыртқы аудитін жүргізу туралы шарттың оңтайлы ережелерін анықтауға бағытталған конкурсты (бұдан әрі - конкурс) өткізу жолымен жүзеге асырылады.

3. Конкурс Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының тәуелсіз сыртқы аудиторын анықтау үшін жыл сайынғы аудиттің нәтижелерін бере отырып әрбір екі жыл сайын өткізіледі. < * >

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2003.07.16. N 699 қаулысымен .

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын (бұдан әрі - Қор) басқару жөніндегі кеңес мүшелерінің ұсынысы бойынша конкурсты өткізу үшін құрамында 9 адамы бар конкурстық комиссия құрылады. Конкурстық комиссияның құрамы өзіне төрағаны, төрағаның орынбасарын, сондай-ақ комиссияның мүшелерін қамтиды және Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен бекітіледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімінде мыналар көрсетілуі тиіс:

- 1) конкурстық комиссияның құрамы;
- 2) конкурс өткізу және оның нәтижелері бойынша конкурстың жеңімпазын анықтау туралы тапсырма;
- 3) конкурсты өткізу мерзімдері және басқа да шарттар.

Жұмыс органы тиісті жылдың 1 маусымына дейінгі мерзімде осы тармақтың шарттарына сәйкес конкурс комиссиясын құру туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі шешімінің жобасын Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізеді. < * >

Ескерту. 4-тармақ толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2004.09.13. N 953 қаулысымен .

5. Конкурстық комиссияның құрамына Қорды басқару жөніндегі кеңестің мүшелері енуі мүмкін.

Конкурсты өткізу жөніндегі барлық ұйымдастыру іс-шаралары конкурстық комиссияның жұмыс органы болып табылатын (бұдан әрі - жұмыс органы) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жүктеледі.

6. Конкурстық комиссияның төрағасы оның қызметін басқарады, комиссияның отырыстарында төрағалық етеді, оның жұмысын жоспарлайды, оның шешімдерінің іске асырылуына жалпы бақылауды жүзеге асырады және комиссия жүзеге асыратын қызмет үшін жауап береді. Төраға болмаған кезде оның функцияларын орынбасары орындайды.

7. Конкурсты өткізу процесінде құжаттарды дайындау, ресімдеу, келісу және оларға қол қою жөніндегі бүкіл жұмыс Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қызметкері болып табылатын конкурстық комиссияның

хатшысына жүктеледі. Конкурстық комиссия хатшысының конкурстық комиссия шешімдер қабылдаған кезде дауыс беру құқығы болмайды.

Конкурстық комиссияның хатшысы конкурсқа қатысушыларға конкурстық құжаттаманы ұсынады, конкурсқа қатысушыларды тіркеу журналын жүргізеді, конкурсқа қатысушылардан конкурстық өтінімдері бар конверттерді қабылдайды, конкурстық комиссия отырысының күн тәртібі жөніндегі ұсыныстарды, қажетті құжаттарды, материалдарды дайындайды және отырыс өткеннен кейін оның хаттамаларын ресімдейді.

8. Хаттамада өткізілген отырыс жөніндегі конкурстық комиссия мүшелерінің ескертулерін, ұсыныстарын және пікірлерін қоса алғанда, барлық мәліметтер тіркеледі. Хаттамаға төраға, орынбасар, сондай-ақ конкурстық комиссияның қатысушы мүшелері қол қоюы тиіс.

9. Жұмыс органы Қазақстан Республикасының Үкіметі конкурс өткізу туралы шешімі қабылдаған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей осы Ереженің 10-тармағына сәйкес республикалық мерзімді баспа басылымында конкурс өткізу туралы хабарландыру жариялайды.

10. Конкурс өткізу туралы хабарландыру мынадай мәліметтерді:

- 1) жұмыс органының атауы мен орналасқан жерін;
- 2) Қордың сыртқы аудитін өткізудің талап етілетін мерзімдерін;
- 3) конкурстық құжаттаманы алудың орны мен тәсілдерін;
- 4) конкурсты өткізудің орны мен уақытын, сондай-ақ конкурсқа қатысуға өтінімдерді берудің орны мен мерзімін;
- 5) конкурсқа қатысушыларға қойылатын біліктілік талаптарын;
- 6) орындауға жататын кез келген ілеспе қызметтерді;
- 7) мемлекеттік тілдегі және орыс тіліндегі конкурстық құжаттаманы;
- 8) кепілді жарнаның негізгі шарттарына қойылатын талаптарды, сондай-ақ осындай кепілді жарнаның әрекет ету мерзімін;
- 9) шарттың атқарылуын қамтамасыз етудің негізгі шарттарына қойылатын талаптарды, сондай-ақ егер шарттың атқарылуын қамтамасыз етуді енгізу көзделетін болса, осындай қамтамасыз етудің әрекетін енгізудің мерзімін;
- 10) конкурстық өтінімдердің күші болатын мерзімді;
- 11) конкурстық өтінімдерді ашудың орнын, күнін және уақытын дәл көрсетуді;
- 12) ұсыныстарды қабылдауға уәкілеттік берілген лауазымды тұлғалардың тегін, телефондарын, комнаталарының нөмірлерін, орналасқан жерлерін, сондай-ақ конкурс өткізу және оларға байланысты құжаттар мен материалдарды ресімдеу жөнінде түсіндірулер беруді;
- 13) басқа да қажетті ақпаратты қамтуы тиіс.

Ескерту. 10-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.11.13. N 1443 қаулысымен.

11. Ұсыныстарды берудің соңғы мерзімі конкурсты өткізу туралы хабарландыру жарияланған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен бұрын емес белгіленуі тиіс. Көрсетілген уақыттан кейін берілген ұсыныстар жарамсыз болып саналады және конкурстық комиссия қарауға қабылдамайды.

12. Конкурстық комиссияның отырыстары, егер дауыс беруге конкурстық комиссия құрамынан мүшелердің үштен екісі қатысқан болса, заңды болып саналады. Дауыс беру кезінде дауыстардың санын тең бөлген жағдайда конкурстық комиссия төрағасының дауысы шешуші болып саналады.

3. Конкурстық комиссияның өкілеттіктері

13. Конкурстық комиссия өзінің қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің кесімдерін, өзге де нормативтік құқықтық кесімдерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

14. Конкурстық комиссия:

1) конкурсты өткізу тәртібін, конкурстық өтінімдерді қабылдау және конкурсты өткізу мерзімін (уақытын) анықтауға;

2) осы Ереженің талаптарына сәйкес тиісті материалдар мен құжаттарды бере отырып, конкурсты өткізу жөніндегі шарттар мен талаптарды конкурсқа қатысушыларға жеткізуге;

3) конкурстық комиссияға өтініш жасаған конкурсқа қатысушыларға осы Ережеде және Қазақстан Республикасының өзге де құқықтық кесімдерімен белгіленген талаптарға қатысты түсіндірулерді белгіленген тәртіппен ұсынуға;

4) конкурсқа қатысушылар ұсынған құжаттарды жан-жақты және объективті қарауға;

5) конкурсқа қатысушылардың конкурстық өтінімдерін тіркеуге;

6) конкурсты ұйымдастыруға және өткізуге;

7) конкурсқа қатысушыларға, конкурсты ұйымдастырушыға және Қазақстан Республикасының Үкіметіне конкурстың нәтижелері туралы хабарлауға міндетті.

15. Конкурстық комиссия өзінің қызметінде құпиялылықты сақтауға және Қордың жыл сайынғы сыртқы аудитін жүргізуге байланысты шығыстарды жабуға жұмсалатын қаражатын барынша үнемдеуді қоса алғанда, Қазақстан Республикасының мүдделерін басшылыққа алуға міндетті.

16. Конкурстық комиссия конкурсқа қатысушылардан түскен мәліметтерді, материалдарды және құжаттарды нақтылауға құқылы.

17. Конкурса қатысушыға сұрау салулар жазбаша түрде беріледі, бұл ретте конкурса қатысушы конкурстық комиссияның сұрау салуына сұрау салуда көрсетілген мерзімнен кешіктірмей жазбаша жауаптар жібереді.

18. Конкурстың ұйымдастырылуына және жүргізілуіне жауаптылық оны өткізудің бүкіл кезеңінде конкурстық комиссияға жүктеледі.

4. Конкурса қатысушылар

19. Конкурса қатысуға аудитті жүргізуге арналған лицензиясы бар және қаржы институттарына аудиторлық қызмет көрсету саласында кемінде 5 жыл жұмыс тәжірибесі бар тұлғалар жіберіледі.

20. Конкурса қатысушылар конкурсты өткізу кезеңінде конкурстық комиссияның шешіміне ықпал етуі мүмкін іс-қимылдар жасауға құқығы жоқ. Конкурса қатысушыларға конкурстың басқа қатысушыларының беделін түсіретін ақпаратты конкурстық комиссияға тікелей немесе жанама беруге тыйым салынады.

21. Конкурса қатысушылар :

1) осы Ережеде, нормативтік құқықтық кесімдерде белгіленген талаптарға қатысты түсіндірулерді алу үшін жазбаша нысанда, бірақ конкурстық комиссияның қарауына конкурстық өтінімдерді беру мерзімі біткенге дейін 10 (он) күннен кешіктірмей конкурстық комиссияға өтініш жасауға. Бұл ретте, қосымша ақпаратты алуға арналған уақыт конкурса қатысу үшін құжаттарды беруге белгіленген жалпы мерзімді өзгертпейді.

Конкурстық комиссия үш күн мерзімде конкурса қатысушының сұрау салуына жауап береді және конкурстық құжаттама ұсынылған конкурстың барлық қатысушысына осындай түсіндіруді жібереді;

2) конкурстық өтінімдерді берудің соңғы мерзімі біткенге дейін өзінің ұсынысын қайтарып алуға құқылы.

Ескерту. 21-тармақ жаңа абзацпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2001.11.13 . N 1443 қаулысымен .

5. Конкурстық өтінімдерді беру тәртібі, олардың мазмұны. Конкурстық өтінімдерді қамтамасыз ету

22. Конкурса қатысушы өзінің конкурстық өтінімін дайындауға және беруге байланысты барлық шығыстарды көтереді. Жұмыс органы конкурсты өткізудің сипатына немесе нәтижелеріне қарамастан, осы шығыстар бойынша міндеттемелер алмайды.

23. Конкурса қатысушы конкурстық өтінімдерді берудің соңғы мерзіміне дейін конкурстық құжаттамаға сәйкес дайындалған конкурстық өтінімді

желімделген конвертте ұсынады.

Жұмыс органы алған конкурстық өтінім конкурстық өтінімдерді берудің соңғы мерзімі біткеннен кейін ашылмайды және оны ұсынған конкурстың қатысушысына қайтарылады.

24. Жұмыс органы конкурстық өтінімдері бар конверттерді алған кезде тіркеу журналында конкурстық өтінімді алған уақыты мен күні туралы жазба жүргізеді.

25. Конкурса қатысушылар дайындаған және ұсынатын конкурстық өтінім құжаттардың мынадай тізбесін:

1) конкурса қатысушының конкурстық комиссия төрағасының атына конкурса қатысу туралы өтінішін;

2) техникалық ұсынысты;

3) қаржылық ұсынысты;

4) нотариалды куәландырылған аудиторлық қызметпен айналысу құқығына арналған лицензияның көшірмесін;

5) конкурса қатысушының салықтарды төлеу жөніндегі міндеттемелерді орындауы туралы тиісті салық органының анықтамасын;

6) 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша конкурса қатысуға арналған өтінімді ;

7) кепілді жарнаның енгізілгенін растайтын құжаттар;

8) конкурстық құжаттамаға сәйкес ұсыну үшін қажетті басқа да құжаттарды қ а м т у ы т и і с .

Осы тармақтың 5) тармақшасы бойынша анықтама конкурс туралы хабарландыру күнінің алдындағы соңғы ай үшін ұсынылады.

26. Конкурстық өтінімдер конкурстық құжаттамада көрсетілген тілде жасалуы және ұсынылуы тиіс.

27. Конкурса қатысушы "Конкурстық өтінімнің түпнұсқасын" және "Конкурстық өтінімнің көшірмесі" көрсетіле отырып, конкурстық құжаттамада көрсетілген конкурстық өтінім көшірмелерінің санын дайындауы тиіс. Олардың арасында келіспеушіліктер болған жағдайда, түпнұсқаның басымдығы болады.

28. Конкурса қатысушы конкурстық өтінімнің түпнұсқасы мен әрбір көшірмесін тиісінше "Түпнұсқа" және "Көшірме" деп белгі қоя отырып, әр түрлі конверттерге желімдеуі тиіс. Бұл ретте қаржылық ұсыныс жалғыз данада жасалады және жеке конвертке желімделеді. Бұл конверттерде конкурса қатысушының атауы, мекен-жайы және конверттің мазмұны көрсетілуі тиіс (конкурстық өтінімді ашпастан қайтару мақсатында). Осыдан кейін конверттер сыртқы конвертке желімделеді.

29. Конкурса қатысушының техникалық ұсынысы мынадай ақпаратты:

1) Қазақстан Республикасындағы, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы

елдеріндегі, басқа мемлекеттердегі банктерге және өзге де қаржы ұйымдарына аудиторлық қызметтер көрсетудегі жұмыс тәжірибесін;

2) Қордың сыртқы аудитін (бұдан әрі - аудит) жүргізу процесі бойынша қысқаша түйіндемені және жұмыс жоспарын;

3) аудит жүргізу жөнінде ұсынылатын қызметтердің тізбесін;

4) маманның біліктілігіне құжаттамалық растаманы;

5) құпиялылықты сақтау міндеттемесін қамтуы тиіс.

Конкурса қатысушының техникалық ұсынысы конкурса қатысушы осы Ережеге сәйкес ұсынатын не конкурстық комиссия сұратқан өзге де ақпаратты қамтуы мүмкін.

30. Конкурса қатысушының қаржылық ұсынысы әрбір жылға аудит жүргізу жөніндегі қызметтердің жалпы құнын, оның ішінде кәсіби қызметтерді көрсеткені үшін сыйақы мөлшерін, үстеме шығыстардың болжамды сомасын және салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің сомасын қ а м т у ы т и і с . < * >

Ескерту. 30-тармақ толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2003.07.16. N 699 қаулысымен

Қаржылық ұсыныстың жалпы құны, аудитті жүргізу жөнінде қызметтер көрсеткені үшін сыйақы сомасы Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында көрсетілуі тиіс.

31. Конкурса қатысушы кепілді жарнаны енгізуге міндетті.

32. Кепілді жарнаның мөлшерін конкурстық комиссия белгілейді және ақша кепілдігі түрінде ұсынылады.

Кепілді жарна конкурстық өтінімдерді берудің соңғы мерзімі біткенге дейін конкурстық құжаттамада көрсетілген жұмыс органының есебіне аударылады.

Ескерту. 32-тармақ жаңа абзацпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2001.11.13 . N 1443 қаулысымен .

33. Жұмыс органы конкурса қатысушыға:

1) конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімі біткен;

2) Қордың аудитін жүргізу туралы шарт күшіне енген;

3) конкурстың жеңімпазын анықтамастан конкурсты өткізу жөніндегі р ә с і м д е р т о қ т а т ы л ғ а н ;

4) конкурстық өтінімдерді берудің соңғы мерзімі біткенге дейін конкурстық өтінімді қ а й т а р ы п а л ғ а н ;

5) конкурстың жеңімпазы етіп конкурстың басқа қатысушысы анықталған жағдайларда енгізілген кепілді жарнаны қайтарады.

Осы тармақтың 1)-4) тармақшаларында айтылған жағдайларда, кепілді жарнаны қайтару осы жағдайлар басталған сәттен бастап он жұмыс күні ішінде жү р г і з і л е д і .

Осы тармақтың 5) тармақшасында айтылған жағдайда, кепілді жарнаны қайтару осы жағдай басталған сәттен бастап отыз жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

34. Жұмыс органы конкурсқа қатысушыға, егер конкурсқа қатысушы: конкурстық өтінімдерді берудің соңғы мерзімі біткеннен кейін конкурстық өтінімді қайтарып алса немесе өзгертсе; конкурстың жеңімпазы ретінде анықтала отырып, белгіленген мерзімдерде Қордың аудитін жүргізу туралы шартқа қол қоймаса; егер конкурстық құжаттамада көзделген нысанда, көлемде және ережелерде осындай қамтамасыз етуді енгізу талап етілмесе, оған қол қойылғаннан кейін аудитті жүргізу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізбесе ол енгізген кепілді жарнаны қайтармайды.

6. Конкурсты өткізу тәртібі

35. Конкурстық комиссия конкурстық құжаттамада көрсетілген мерзімде, уақытта және орында конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашады. Конкурстық өтінімді ұсынған конкурсқа қатысушы немесе оның уәкілетті өкілі конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашу кезінде қатысуға құқылы. Конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашу кезінде конкурстық комиссия қатысушы тұлғаларға конкурсқа қатысушының атауын және орналасқан жерін, егер ол орын алған болса, конкурстық өтінімдерді қайтарып алуды және олардың өзгерістерін, конкурстық өтінімді құрайтын құжаттардың болуы немесе болмауы туралы ақпаратты хабарлайды және конкурстық өтінімдерді ашу хаттамасын ж а с а й д ы .

Конкурстық өтінімдерді ашу хаттамасының көшірмесі конкурстық өтінімдер бар конверттерді ашу кезінде қатыспаған конкурсқа қатысушыға оның сұрау салуы бойынша жіберіледі.

36. Конкурстық өтінімдерді қарау рәсімі өзіне оларды алдын ала зерделеуді және осы Ереженің талаптарында көзделген құжаттар мен материалдардың болуын тексеруді қамтиды.

Толық емес және/немесе жалған ақпаратты беру немесе осы Ереженің талаптарына сай келмейтін конкурстық өтінімдерді ұсыну конкурстық комиссияның осы конкурстық өтінімді кейінге қалдыруына негіз болады.

37. Конкурстық комиссия конкурсқа қатысушылардың конкурстық өтінімдерді беру мерзімі аяқталғанға дейін 3 (үш) күнтізбелік күннен кешіктірмей конкурсты өткізу шарттарын өзгертуге құқылы, бұл туралы барлық

конкурсқа қатысушылар кешіктірілмей хабарланатын болады. Бұл ретте құжаттарды конкурстық комиссияға беру және конкурсты өткізу мерзімі 10 (он) күнтізбелік күнге ұзартылады.

38. Конкурс конкурстық өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі біткен күннен бастап, жалпы ұзақтығы отыз (30) күнтізбелік күннен аспайтын екі кезеңде ө т к і з і л е д і .

Бірінші кезеңде конкурстық комиссия конкурсқа қатысушылардың техникалық ұсыныстарын қарайды. Бірінші кезеңнің нәтижелері оларды конкурстық комиссия хабарлағаннан кейін 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде жазбаша нысанда конкурсқа қатысушыларға жіберіледі.

Екінші кезеңде конкурстық комиссия конкурсқа қатысушылардың қаржылық ұсыныстарын қарайды. Екінші кезең аяқталғаннан кейін комиссия конкурстың жеңімпазын анықтайды.

39. Конкурс мынадай жағдайда:

- 1) егер оған екіден кем конкурсқа қатысушы қатысқан болса;
- 2) егер конкурсқа қатысушылардың ұсыныстары конкурстың шарттарын қанағаттандырмайды деп танылса, конкурс өткізілмеген болып танылады. <*>

Бұл жағдайда конкурстық комиссияның барлық мүшелері қол қоятын хаттама р е с і м д е л е д і .

Ескерту. 39-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.09.13. N 953 қаулысымен .

39-1. Конкурс өткізілмеген болып танылған жағдайда, комиссияның шешімі бойынша қайталама конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланады. Ұсыныстарды берудің түпкілікті мерзімі қайталама конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланған күннен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күннен бұрын е м е с б е л г і л е н у і т и і с . < * >

Ескерту. 39-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2004.09.13. N 953 қаулысымен .

39-2. Қайталама конкурс өткізілмеген болып танылған кезде, конкурстық комиссияның шешімі бойынша Ұлттық қордың сыртқы аудитін жүргізу үшін ол туралы тиісті хаттама жасалуы тиіс аудитор немесе аудиторлық ұйым а н ы қ т а л а д ы .

Ескерту. 39-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2004.09.13. N 953 қаулысымен .

40. Техникалық ұсыныстары бар конверттер ашылғаннан кейін әрбір конкурстық өтінім бойынша мынадай ақпарат жарияланады және хаттамаланады:

1) конкурсқа қатысушы;

2) конкурстық өтінімнің жиынтықтылығы және оның осы Ережеде көзделген талаптарға сәйкестігі.

41. Қаржылық ұсыныстары бар конверттерді ашқаннан кейін комиссия оларға тіркеу нөмірін беруді (тіркеу күнін көрсете отырып) жүзеге асырады.

42. Конверттерді ашу нәтижелері бойынша конкурстық комиссия отырысының хаттамасында конкурстық өтінімдерді ұсынған барлық конкурсқа қатысушылардың тізбесі, сондай-ақ өзге мәліметтер тіркеледі және қабылдау немесе кейінге қалдыру себептерін көрсете отырып, конкурстық өтінімдерді қабылдау немесе кейінге қалдыру туралы конкурстық комиссияның шешімі туралы тиісті жазбалар жүргізіледі.

Конкурстық өтінімдерді ашу хаттамасына конкурстық комиссияның барлық мүшелері қол қояды.

43. Конкурс аяқталғаннан кейін конкурсқа қатысушылардың конкурстық өтінімдері қайтарылуға жатпайды және Қорды басқару жөніндегі кеңесте сақтауға қалдырылады.

7. Конкурс жеңімпазын анықтау тәртібі

44. Конкурс жеңімпазын анықтау үшін конкурстық комиссия техникалық ұсыныстың сапасы мен қаржылық ұсыныс құнының ара қатынасын анықтайтын коэффициенттерді, сондай-ақ Қордың аудитін жүргізу жөніндегі қызметтерді ұсынудың ең аз бағасын белгілейді. Көрсетілген коэффициенттердің сомасы бірлікке тең.

45. Техникалық ұсыныстардың сапасын және қаржылық ұсыныстың құнын анықтайтын коэффициенттер техникалық ұсыныстың басымдылығын негізге ала отырып, белгіленеді.

46. Техникалық және қаржылық ұсыныстары ең жоғары қорытынды баллмен бағаланатын конкурсқа қатысушы конкурстың жеңімпазы болып саналады.

47. Конкурсқа қатысушылардың техникалық ұсыныстарын бағалау мынадай өлшемдер бойынша жүзеге асырылады:

1) мыналарды қамтитын:

Қазақстандағы, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдеріндегі және басқа мемлекеттердегі банктерге және басқа қаржы институттарына аудиторлық қызмет көрсету жөніндегі жұмыс тәжірибесін;

аудитті жүргізу процесі жөніндегі қысқаша түйіндемені;

Қордың алдағы бухгалтерлік есепті талдау (бухгалтерлік есептің Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларына және бухгалтерлік есептің халықаралық стандарттарына сәйкестігін бағалауды қоса алғанда),

Қордың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін талдау (Қор тәуекелдерін талдауды қоса алғанда), Қордың қызметкерлеріне ақпараттық аудит бойынша қызметтер көрсету және консультациялық қызметтерді көрсету туралы аудиторлық қорытындыны ұсыну мерзімін көрсете отырып, толық жұмыс жоспарын қамтитын техникалық сапа;

2) маманның біліктілігі және мыналарды: арнайы білімін, аудит саласындағы жұмыс тәжірибесін, басқа мемлекеттердің ұқсас қорларының аудитін жүргізудегі іс жүзіндегі тәжірибесін қамтитын оның іс жүзіндегі тәжірибесі.

48. Конкурса қатысушының белгіленген өлшемдер бойынша техникалық ұсынысын бағалау 2-қосымшаға сәйкес әрбір өлшем бойынша 1-ден бастап 100-ге дейінгі балл шкаласы бойынша конкурстық комиссияның мүшелері жүргізеді.

Техникалық ұсыныстарды қарағаннан және бағалағаннан кейін конкурстық комиссияның мүшесі 3-қосымшаға сәйкес конкурса қатысушылардың техникалық ұсыныстарын бағалаудың формулярын толтырады.

49. Конкурса қатысушының техникалық ұсынысының орташа баллы екі өлшем бойынша (техникалық сапа және мамандардың біліктілігі, олардың іс-жүзіндегі тәжірибесі) баллдардың жалпы санын білдіретін конкурстық комиссияның барлық мүшелері бағасының орташа арифметикалық мәні ретінде анықталады.

50. Техникалық ұсыныстың қорытынды баллы техникалық ұсыныстың орташа баллының 4-қосымшада көрсетілген формулаға сәйкес екі өлшем бойынша (200 балл) баллдың ең жоғары санына ара қатынасымен анықталады.

51. Конкурса қатысушылардың бірнешеуі тең балл жинаған кезде, конкурс жеңімпазы конкурстық комиссия мүшелерінің қарапайым дауыс беруімен анықталады.

52. Конкурса қатысушының қаржылық ұсынысын бағалау конкурстық комиссия белгілеген аудитті жүргізу жөніндегі қызметтің ең жоғары құнының конкурса қатысушының қаржылық ұсынысының құнына ара қатынасымен анықталады.

53. Конкурстық комиссияның қорытынды отырысының хаттамасы мынадай ақпаратты :

- 1) сатып алынатын қызметтердің қысқаша сипаттамасын;
- 2) конкурс жеңімпазы туралы деректерді, ол жеңімпаз болып танылған шарттарды ;
- 3) өзінің конкурстық өтінімдерін ұсынған басқа конкурса қатысушылардың біліктілігі туралы ақпаратты ;
- 4) басқа қатысушылардың конкурстық өтінімдерінің бағасын және қысқаша баяндалуын ;

5) баға өлшемдерінің қысқаша баяндалуын және конкурстық өтінімдерді с а л ы с т ы р у д ы ;

б) егер конкурс қорытындысында жеңімпаз анықталмаса, тиісті себептерді к ө р с е т у д і ;

7) конкурстық құжаттамаларды түсіндіру туралы сұрау салуларды, оларға жауаптарды қорытынды баяндауды, сондай-ақ конкурстық құжаттамаларға өзгерістер мен толықтыруларды қорытынды баяндауды;

8) өзге мәліметтерді қамтиды.

54. Конкурс конкурстың жеңімпазы анықталғаны туралы комиссия шешім қабылдағаннан кейін өткізілген болып саналады, ол туралы тиісті хаттама ж а с а л у ы т и і с .

Конкурс жеңімпазы тиісті жылдың бірінші қыркүйегіне дейін анықталады. <*>

Ескерту. 54-тармақ толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2004.09.13. N 953 қаулысымен .

55. Конкурсстық комиссияның шешімі ол қабылданған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей конкурсқа қатысушыларға жеткізіледі.

56. Конкурсстың жеңімпазы оның конкурстық өтінімінің жеңімпаз деп танылғаны туралы хабарлама алған сәтінен бастап 10 күн ішінде Қордың аудитін жүргізуге арналған шартқа қол қоюға немесе алауыздықтар немесе шартқа қол коюдан бас тартқаны туралы жұмыс органын не конкурстық комиссияны х а б а р д а р е т у г е м і н д е т т і . < * >

Ескерту. 56-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.07.16. N 699 қаулысымен .

57. Егер конкурстың жеңімпазы болып танылған конкурсқа қатысушы аудитті жүргізуге арналған шартқа белгіленген мерзімде қол қоймайтын болса, шартқа басқа конкурсқа қатысушы қол қояды. Бұл жағдайда конкурстық комиссия конкурстық өтінімі қорытынды балл бойынша бұрын жеңімпаз деп жарияланған қатысушыдан кейін келесі орын алатын қатысушыны конкурстың жеңімпазы деп жариялауға немесе жаңа конкурс жариялауға құқылы.

58. Шартқа қол қоятын тараптар оларға сәйкес конкурстың жеңімпазы анықталған шарттарға қандай да бір өзгерістер енгізуге құқығы жоқ.

59. Егер конкурстың құжаттамасында конкурсқа қатысушы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу көздесе, онда аудитті жүргізу туралы шарт конкурсқа қатысушының осындай қамтамасыз етуді толық енгізгеннен кейін күшіне енеді. Қамтамасыз ету мөлшері аудитті жүргізу туралы шарт сомасының кемінде 5 пайызын құрайды және конкурстың жеңімпазымен жұмыс органының есебіне және ақша кепілдігі түрінде енгізіледі.

60. Егер аудитор белгіленген мерзімдерде шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізбесе немесе егер аудитті өткізу туралы жасалған шарт бұзылса, қорытынды балл бойынша бұрын жеңімпаз деп жарияланған қатысушыдан кейін келесі орын алатын басқа конкурсқа қатысушымен шарт жасалады немесе жаңа конкурс жарияланады.

61. Жұмыс органы енгізілген шарттың орындалуын қамтамасыз етуді осы шарт бойынша өзінің міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған жағдайда ғана, шартта көрсетілген мерзімдерде немесе аудитор міндеттемелерді толық орындаған сәтінен бастап бес жұмыс күні ішінде конкурс жеңімпазына қайтарады.

62. Егер аудитор аудитті жүргізу туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаса немесе тиісінше орындамаса, онда конкурсты ұйымдастырушы Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес енгізілген шарттың орындалуын қамтамасыз етуді ұстап қалады.

63. Конкурстың жеңімпазын аудитор тағайындайды және онымен есепті жыл үшін аудитті жүргізуге арналған шарт жасалады. Аудитті жүргізуге арналған шарт аудитор - конкурстың жеңімпазы мен осы шартқа қол қоюға Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген орталық атқарушы орган арасында жасалады.

64. Қордың аудиті 6-қосымшада анықталған техникалық тапсырмаға сәйкес, ресурстарды үнемдеу және тиімді пайдалануды, активтердің сақталуын, сондай-ақ Қордың қойған мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізуді ескере отырып жүргізілуі тиіс.

65. Жыл сайынғы аудитті жүргізуге байланысты шығыстарды жабу Қордың есебінен жүзеге асырылады.

8. Қорытынды ережелер

66. Аудитті жүргізу туралы шартты жасасу немесе орындау процесінде туындайтын барлық даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі.

Ережеге 1-қосымша

(Кімге) _____

(конкурсты ұйымдастырушының атауы)

(Кімнен) _____

(конкурсқа қатысушының атауы)

Конкурсқа қатысуға арналған өтінім

Алынуы осымен куәландырылатын Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының сыртқы аудитін жүргізу үшін аудиторды сайлау жөніндегі конкурсты өткізу бойынша конкурстық құжаттаманы қарай отырып, _____

_____ (конкурсқа қатысушының атауы)

жалпы _____ сомасы

(санмен және жазумен)

конкурстық құжаттамаға сәйкес техникалық тапсырмаға сай Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының сыртқы аудитін жүргізу бойынша қызметтердің орындалуын жүзеге асыруды ұсынады.

Осы конкурстық өтінім мыналардан тұрады:

1. _____ 2. _____
3. _____
4. _____
5. _____
6. _____
7. _____
8. _____
9. _____
10. _____

Біздің конкурстық өтінім жеңіп шыққан болып танылған жағдайда _____ күннің ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының сыртқы (жазумен) аудитінің орындалуын қамтамасыз етуге және біздің конкурстық өтінімнің жеңіп шықты деп танылуы туралы Сіздерден хабарлама алған сәттен бастап _____ күннің ішінде жұмысты аяқтауға міндеттенеміз. (жазумен)

Біз конкурстық құжаттамада айтылған төлемнің базалық шарттарымен келісеміз. Төлемнің мынадай баламалы шарттарын

_____ (егер осындайлар болатын болса, төлемнің баламалы шарттары санамаланады) _____ ұсынамыз және бұл ретте баға шегерімін _____ мөлшерде (ақшалай түрде, жазумен көрсету)

ұсынамыз.

Біздің конкурс өтімімі танылған жағдайда, біз шарттың жалпы сомасының _____ пайызын құрайтын сомасына сыртқы аудитті (жазумен)

жүргізу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгіземіз.

Осы конкурстық өтінім конкурстық өтінімді ашқан күннен бастап _____

__ күннің ішінде әрекет етеді.
(жазумен)

Сыртқы аудитті жүргізу туралы шартты жасасқан сәтке дейін осы конкурстық өтінім оның жеңіп шығуын тану туралы Сіздің хабарламаңызбен бірге біздің арамыздағы міндетті шарттың рөлін атқаратын болады.

(Қолы, күні) М.О. (Лауазымы, аты-жөні)

_____ атынан

(конкурса қатысушының атауы)

және тапсырмасы бойынша барлық өкілеттігі бар конкурстық өтінімге қол қойсын.

Ережеге 2-қосымша

Ескерту. 2-қосымша өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.11.13. N 1443 қаулысымен

Белгіленген өлшемдер бойынша конкурса қатысушылардың техникалық ұсыныстарын бағалау

Баллдардың	Конкурса	қатысушылардың	р/р!	Өлшемнің атауы
!	!	с а н ы	!	!
!	!	!	!	!
!	!	!	!	!

Ұсыныстың техникалық сапасы 100 балл

1. Қазақстандағы, ТМД елдері мен 1-ден 20-
басқа мемлекеттердегі қаржы баллға
институттарына аудиторлық дейін
қызмет көрсетудегі жұмыс
тәжірибесі
2. Қазақстан Республикасы Ұлттық 1-ден 30
қорының аудитін жүргізу баллға
процесі және аудиторлық дейін
қорытындыны ұсыну мерзімі
көрсетілген нақты жұмыс
жоспары
3. Қазақстан Республикасы Ұлттық 1-ден 20
қорының бухгалтерлік есебін баллға
талдау, оның ішінде: дейін

- бухгалтерлік есептің
- Қазақстан Республикасының 1-ден 15
қолданыстағы заңнама баллға
нормаларына сәйкестігін дейін
б а ғ а л а у ;
- бухгалтерлік есептің 1-ден 5
халықаралық бухгалтерлік баллға
есеп стандарттарына дейін
сәйкестігін бағалау;
4. Қазақстан Республикасы Ұлттық 1-ден 20
қорының ішкі бақылау баллға
жүйесінің тиімділігін талдау, дейін
о н ы ң і ш і н д е :
- Қазақстан Республикасы 1-ден 10
Ұлттық қорының тәуекелдерін баллға
талдау; дейін
5. Ақпарат аудиті бойынша 1-ден 5
қызмет көрсету баллға
дейін
6. Қазақстан Республикасы Ұлттық 1-ден 5
қорының қызметкерлеріне баллға
консультациялық қызметтер дейін
көрсету
- Мамандардың біліктілігі және 100 балл
олардың іс жүзіндегі
тәжірибесі
8. Арнайы білім 1-ден 20
б а л л ғ а
дейін
9. Аудит саласындағы жұмыс 1-ден 20
тәжірибесі баллға
дейін
10. Қаржылық сектордағы 1-ден 15
жұмыс тәжірибесі баллға
дейін
11. Банктік қызмет аудитін 1-ден 10
жүргізуге арналған лицензиясы баллға
бар мамандардың болуы дейін

- | | | |
|-----|---|-----------------------------|
| 12. | Қосымша білім беру | 1-ден 5
баллға |
| | дейін | |
| 13. | Мемлекеттік тілді және
орыс тілін меңгеруі | 1-ден 10
баллға |
| | дейін | |
| 14. | Ақпараттық жүйелер бойынша
аудиторлардың болуы | 1-ден 10
баллға |
| | дейін | |
| 15. | Қазақстан Республикасы Ұлттық
қорының және/немесе басқа
мемлекеттердің ұқсас
қорларының аудитін жүргізудегі
іс жүзіндегі тәжірибесі | 1-ден 10
баллға
дейін |

 _____ конкурстық комиссия мүшесінің аты-жөні
 Қ о л ы

 Күні
 Ережеге 3-қосымша

Конкурса қатысушылардың техникалық ұсыныстарын бағалау формуляры

 р/р! Конкурса ! Ұсыныстардың ! Мамандардың ! Техникалық
 ! қатысушының атауы! техникалық ! біліктілігі ! ұсыныстарды
 ! ! сапасы ! және олардың ! бағалау
 ! ! ! іс жүзіндегі !(3-баған +
 ! ! ! тәжірибесі !4-баған)

 1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5

 _____ конкурстық комиссия мүшесінің аты-жөні
 Қ о л ы

 Күні
 Ережеге 4-қосымша

Конкурсқа қатысушы ұсынысының жиынтық баллын есептеу тәртібі

1. Конкурсқа қатысушы ұсынысының жиынтық баллы мынадай формула бойынша анықталады:

$$B = T \times K1 + F \times K2,$$

м ұ н д а ғ ы

B - конкурсқа қатысушы ұсынысының жиынтық баллы;
T - конкурсқа қатысушының техникалық ұсынысының жиынтық баллы;
K1 - техникалық ұсыныстың сапа коэффициенті;
F - конкурсқа қатысушының қаржылық ұсынысын бағалау;
K2 - қаржылық ұсыныстың құн коэффициенті.

2. Конкурсқа қатысушының техникалық ұсынысының жиынтық баллы мынадай формула бойынша анықталады:

$$T = \frac{C}{C_{\max}},$$

м ұ н д а ғ ы

C - комиссия мүшелерінің техникалық ұсыныстары бағаларының орташа арифметикалық мәні;
C_{max} - техникалық ұсыныстардың екі өлшемі бойынша ең жоғары балл (200)

3. Конкурсқа қатысушының қаржылық ұсынысын бағалау мынадай формула бойынша анықталады:

$$F = \frac{P}{P_{\min}},$$

м ұ н д а ғ ы

P_{min} - комиссия белгілейтін аудиторлық тексерістің ең аз құны;
P - конкурсқа қатысушының қаржылық ұсынысының құны.

Ережеге 5-қосымша

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының сыртқы аудитін жүргізу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз ету нысаны (банктік кепілдік)

Ережеге 5-қосымша

Ескерту. 5-қосымша алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2001.11.13. N 1443 қаулысымен .

Ережеге 6-қосымша

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының сыртқы аудитін жүргізуге арналған техникалық тапсырма

1. Мақсаттары мен міндеттері

Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры сыртқы аудитінің мақсаттары мен міндеттері Қордың қаржылық активтерін инвестициялаудың тиімділігі, ресурстарды өнімді пайдалану, активтердің сақталуы және қаржы жылының аяғындағы жағдай бойынша, қойылған мақсаттарға жету туралы, Қордың қаржылық есептілігінде көрсетілген қаражаттар мен шығыстар туралы аудитор кәсіби қорытынды жасайтындай жағдайда болуында екендігінен құралады.

2. Көлемі

Аудит аудиттің халықаралық стандарттарына сәйкес жүргізіледі және аудитор жағдайларға сәйкес жүзеге асыру қажет деп санайтын мынадай тестілер мен тексерістерді қамтуы тиіс. Аудит жүргізу кезінде мынадай мәселелерге ерекше назар аудару қажет:

- 1) бастапқы инвестициялық капиталдың сақталуы;
- 2) ұзақ мерзімді болашақта активтер табыстылығының жоғары деңгейін қамтамасыз ету;
- 3) активтердің өтімділігін қамтамасыз ету;
- 4) активтердің нарықтық құнының өзгеру тәуекелін басқару;
- 5) Қорды басқару тиімділігі;
- 6) Қордың тұрақты және жинақ портфельдерінің құрамы; <*>
- 7) портфельдің нарықтық құнының айырбас бағамның өзгерісіне тәуелсіздігін қамтамасыз ету;
- 8) сыртқы басқарушылар қызметінің тиімділігі;
- 9) іріктелген кастодиандардың жұмысын бағалау;
- 10) құрылымдық өнімдерді пайдалану тиімділігі;
- 11) Қордың орташа айлық нарықтық құнын есептеудің дұрыстығын тексеру және сенімгерлік басқаруға арналған аударымдар;
- 12) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қорды сенімді басқару жөніндегі қызметін басқа елдердің осындай қорларының қызметімен салыстырмалы талдау.

Ескерту. 12)-тармақшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2001.11.13. N 1443 қаулысымен .

Ескерту. 6)-тармақшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.09.13. N 953 қаулысымен .

3. Қор бойынша есептілік <*>

Ескерту. Бөлімнің атауы өзгертілді - ҚР Үкіметінің 2003.07.16. N 699 қаулысымен .

А у д и т к е :

1) Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының түсімдері мен пайдалануы туралы е с е п ;

2) (Ескерту. 2) тармақша алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2003.07.16. N 699 қаулысымен .)

3) Қазақстан Республикасы Ұлттық қорын қалыптастыру мен пайдалануы туралы жылдық е с е п ;

4) Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімді басқару туралы шартқа сәйкес берілетін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ұлттық Қорды сенімді басқару нәтижелері туралы жылдық есебі және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ұлттық қорды сенімді басқару жөніндегі қаржылық есептілігі;
< * >

Ескерту. 4) тармақша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2003.07.16. N 699 қаулысымен .

5) Қорды басқару жөніндегі өзге де деректер.

Қордың қаржылық есептілік аудитінен басқа аудитор Қорды басқаруға байланысты барлық шығыстардың аудитін жүргізуі тиіс.

4. Аудиторлардың қорытындысы

Техникалық тапсырмада көзделген негізгі қорытындыдан басқа, есепте Қордың инвестициялық операцияларын жүзеге асырудың, есеп құжаттарын жүргізудің, есеп, есептілік және ішкі бақылау жүйелерін жұмыс істетудің дұрыстығы және тиісті сипаты мәселесі жөніндегі түсініктемелері бар жекелеген тармақтар қамтылуы тиіс. Қордың жұмысындағы нақты кемшіліктер мен әлсіздіктер көрсетілуі, оларды жою жөніндегі ұсынымдар көрсетілуі тиіс.